

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі



**2021 – 2022 оку жылына ариалған Тәрбие бөлімінің
ТАЛДАУ ЖҰМЫСЫ**

Ақтөбе 2021 – 2022 жж

1-қыркүйек білім күніне орай «Сыңғырла, Алғашқы қоңырау!» атты алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.



21 қыркүйек күні М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде құқық бұзушылықтың алдын – алу мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.М. Жәутіковтің және Ақтөбе қалалық ПБ Алматы ауданының №4 ҚПБ ЖПКБ ЮПТ КТДЖ УПИ полиция лейтенанты Ж.Г. Түменбаевтың қатысуымен 9 сынып оқушылар арасында «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау және оның алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді



Мектеп жұмысының жоспарына сәйкес , 2021 – 2022 оқу жылының 29 қыркүйек күні төтенше жағдайлар кезіндегі ғимараттан жеділ шығу іс шаралар бойынша эвакуациялық жаттығу сабагы өткізілді



Қазан айында мұғалімдер күні қарсанында тәрбие бөлімі және мектептің 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ұстаз – ұлы есім» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізді.



Мектеп үжымы арлагер үстаздарды мерекесімен құттықтап, сый құрметтерін көрсетті



«Отбасы күні» аясында 5-сынып оқушылары арасында «Отбасым- бақыт мекенім» тақырыбында буклеттер көрмесі



«Азаматтық қорғаныс» тақырыбында өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында мектептің 10-11 класс оқушылары №4 өрт сөндіру орталығына барды. Шараны үйымдастырган АӘД пәнінің мұғалімі М.Назаров



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің апталығында «Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – жалынды жастар» тақырыбында дебат өтті



2-4 класс және 5 – 8 класс оқушылар арасында «Күзгі бал - 2021» яғни «Күзгі Ханшайым мен Ханзада» атты фото байқауы өтті. Қатысушылардың фотосы М. Арын атындағы ҚҚОМ мектебінің Instagram жілісіне жаряланып, женімпазды лайк арқылы анықтадық.



**«КҮЗТІ ХАҢШАЙЫМ
МЕН
ХАНЗАДА»**



**«КҮЗТІ ХАҢШАЙЫМ
МЕН
ХАНЗАДА»**

Бағдарлама 2-4 класқа
Орта бүйір 5-8 класқа

Әр сабактан 1 ер бала
деген 1 гүләз бала



2021 – 2022 оку жылының 2 қарашасында мектебімізде «Сыргалым» қыздар клубының жиналысы өткізілді. Жиналыс 5-11 класс қыз балалар арасында өтті. Жиналыс мектеб медбикесі О.Ибрагимова мен мектеп психологи А.Курмашевамен «Салауатты өмір салты» тақырыбында өтті.




Ақтөбе облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі мемлекеттік мекемесі 5 өрт сөндіру мекемесінде ашық есік күні ұйымдастырылып, мектебіміздің 9 – класс оқушылары қатыстырылды. Кездесу барысында ҚР ПМТЖК – ның Қекшетау техникалық институты туралы және окута түсү шарттары мен оку тәртібі айтылды.



03.11 күні «Сыргалым» қыздар клубының кезекті жиналысы өткізілді. Жиналыс 7 – 8 класс қыз балалар арасында өтті. Жиналыс барысында қыз балалардың тәртібі, өзін – өзі ұстай білуі, мектеп формасы, күзгі каникул кезінде бос уақыттарын тиімді пайдалануы, және сенім жәшігі бойынша айттылды.



Мектебімізде «Ел ертені – Жас Ұлан» тақырыбында 2 «а», 5 «а», «ә» сынып оқушыларына танымдық сабактары өтті. Оқушыларға Жас Ұландың болудың маңыздылығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді



22 – ші қараша күні мектебімізде оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт жобасы негізінде «Мектебіңе кітап сыйла» акциясының үйымдастырылып, 1-4 класс оқушылары мен ата – аналар тарапынан мектеп кітапханасына 213 әдеби кітаптары сыйға тартылды. Осы акцияға үлес қосқан ата-аналар мектеп директоры атынан Алғыс хатпен марарапатталды.



Ақтөбе облыстық «Жас Ұлан» Бірынгай балалар мен жасөспірімдер үйымының үйымдастыруымен өткізілген онлайн «EKOLIFE» жобасына М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің «Жас Ұлан» үйымы белсene қатысып, III орын иеленді.



ҚР Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, «30 ігі іс» аясында «Еріктілертобы» «Үміт» сәбілер үйіне барып, кішкентай бүлдіршіндерге ойыншықтар сыйлады.



М.Арын атындағы Карғалы қазақ орта мектебінде оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт жобасы негізінде «Мектебіңе кітап сыйла» акциясының жалғасын тауып, ендігі кезекте тарих бірлестігінің мұғалімдері мектеп кітапханасына оқушыларға тәрбиелік мәні зор кітаптар сыйға тартты. Отбасы хрестоматиясының адамды мән табуға итермелейтін, бүгінгі күнге ең қажетті құндылықтарды бойын сініруге ықпал жасайтын «Логотерапия, Балалықтан даналыққа және Әлдиден эпосқа дейін кітаптары мектеп кітапханасының кітап қорын толықтыруға ұсынылды.




6 – Желтоқсан күні 8 класс оқушылар арасында «Әлихан Бекейхан және Тәүелсіздік тағылымы» атты тақырыбында тарихи танымдық кеш өткізілді. Шара барысында оқушылар Ә.Бекейханның 10 деректен құралған өмірімен таныстыруды.




7 – Желтоқсан күні 7 класс оқушылар арасында «Тарих – ғасырлар қуәсі» атты интеллектуалды сайысы өтті.



8 – Желтоқсан «Тәүелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты тарих апталығында мұғалімдер арасында «Қызық екен...» викториналық сайысы өткізілді.



9 – Желтоқсан күні 9 – 10 сыйныптар арасында «Ең үздік тарихшы» интеллектуалдық сайысы өткізілді.



9 – Желтоқсан Халықаралық сыйбайлас жемқорлыққа қарыс күрес күніне орай мектебімізде «Сыйбайлас жемқорлықпен күрес көптің ісі» тақырыбында танымдық сабактар өткізілді.



«Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы негізінде «Мектебіңе кітап сыйла» акциясын жалғастыру мақсатында Бастауыш класс бірлестігі мектебіміздің орта буын оқушыларын мен класс жетекшілеріне чөллендіж жолдады



11.12.2021 күні еліміздің Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік Сур» ашық облыстық турнирі №32 мектеп – гимназия базасында өткізілді. Мектебіміздің «Ділмар» фракциясы қатысып «Алғыс хатпен» марапатталды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ИФМ бірлестігі 10 класс оқушылары арасында «Тәуелсіз елдің болашағы – білімді үрпақ» атты білім сайысын өткізді.



13 – Желтоқсан күні мектебімізде оқушылардың қоғамдық әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында 2 «а», «ә» кластарына «Жас қыран» 5 «а», «б» кластарына «Жас Ұлан» бірыңғай балалар және жасөспірімдер үйіміна қабылдау жиыны өткізіліп, төсбелгілер тағылды.



Мектеп жаңындағы комиссия шешімінің хаттамасына сәйкес, «Мектеп Парламенті өзін – өзі басқару үйымының» Президенті болып 9 «а» класс окушысы Әбу Мәди Мейрамбекұлы сайланды.



13 – Желтоқсан кіні Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің үйымдастыруымен «Тәуелсізді тұғырым» тақырыбында мерекелік концерт өткізілді. Сонымен қатар «Мектебіде кітап сыйла» акциясы челленджін бастауыш бірлестігінен қабыл алды.



Жаратылыстану бірлестігінің «Тәуелсіздік күні» атты 6 сыныптар арасында танымдық сайысы өтті. Білімі мен біліктілігін синаған сайыста Бас жүлдені 6 «В» - Тәуелсіздік тобы. 1 орын 6 «Ә» - Тәуелсіз жастар тобы. 2 орын – 6 «Г» - Озаттар тобы. 3 орын 6 «А» - Тәуелсіздік қырандар тобы иеленді.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, «30игі іс» аясында М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің ұжымы бірлесіп, қайырымдылық акциясын үйымдастырды. Мерекелік концерт қойылып, мектебіміздің ерекше білім алатын 22 окушының әр ата-анасына 15 000 теңге көлемінде «Айман» сауда үйінен сертификаттар табысталынды.



Азаматтығымыздың айбыны, азат күніміздің айдыны, ерікті еліміздің еңесін көтеріп, мерейін асқақтатқан киелі де қасиетті, қастерлі де ұлық мереke – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, «ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗДК!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.



«Еліміздің ертеңі – жас үрпактың қолында, ал жас үрпактың тағдыры – ұстаздардың қолында» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, озық ойлы, ұшқыр киялды, жаны жайсан, кең жүректі білікті ұстаздардан білімдіде білікті шәкірттер шығатыны өз-өзінен түсінікті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 20 желтоқсаннан бастап 24 желтоқсан аралығында «Жарқын елдің шамшырағы – жас маман» атты апталық өтті.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай, мектебімізде «Жас Сарбаз - 2021» әскери танымдық – патриоттық шара өткізілді.



«Қош келдін, Жана жыл» атты мерекелік жаңа жыл кеші мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне атап өтілді. Мерекелік концертте «Кесіподак» үйімінан мектеп ұстаздарымен, кіші қызметкерлеріне сыйлықтар таратылды.



1 Ақпан күні «Біз біргеміз» чөллендік мектебіміздің өзін – өзі басқару ұйымының мектеп президенті мен «Арын ерітілері» қаламыздагы № 1 «Әлеуметтік қызмет көрсету орталығына» яғни қарттар үйіне барып, қар ашу жұмыстарына көмектесті. Жетекшісі: Байбатыр М



2022 жылдың 02 ақпан күні «Өзін – өзі тану: сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» атты 10 күндік аясында мектеп кітапханасында «Алтын жүректі аманыз» атты кітап көрмесін ұйымдастырылды.




2022 жылдың 07 ақпан күні 9 – 11 кластар арасында М. Мақатаевтың «Я улыбаюсь мыслям своим об Отчизне родной» атты еске алу кеші өткізілді.



2022 жылдың 8 ақпанында Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжербиелік орталығы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің «2022 жылға арналған интерактивті сбақатар өткізу жоспарына» сәйкес «Салқын тиу мен үсік шалу кезіндегі алғашқы медециналық көмек» тақырыбында ZOOM платформасы арқылы онлайн сабак өткізілді.



2022 жылдың 7 ақпана мектебімізде «Нашақорлыққа жол жоө» тақырыбында 11 класс оқушыларына жиналыш өткізілді. Жиналыш барысында Ақтөбе қаласы ПД Алматы ауданы №4 ҚПБ ЖПҚ КИДЖ учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты Амин Ақбаян Абзалқызы және мектеп медбикесі О. Ибрагимова нашақорлық туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



2022 жылдың 07.02 – 11.02 күндері аралығында мектебімізде ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінің «English is the key to World» атты апталығы өтті.



14 - 24 Ақпан күндері аралығында «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» атты онкүндік Республикалық акция өттеде. Кәмелетке толмаган жасөспірімдер арасындағы жол қауіпсіздігінің алдын – алу мақсатында «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» атты Республикалық онкүндік акциясы аясында учаскелік жол қызметі инспекторының қатысуымен мектебімізде түсіндірме жұмыстар жүргізілді.



«БАЛАЛАРДЫҢ ЖОЛДАГЫ ҚАУІПСІЗДІГІ»

12 Ақпаз күні өткен мұғалімдер арасында қол күресінен Облыстық Чемпионатына М.Арын атындағы Карғалы қазақ орта мектебінің мұғалімдері қатысып, жүлделі I. II. III дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

1 орын Нурбаева Э, Көпеева А, Ибрашова Г.

2 орын Казбагамбетова Г.

3 орын Жайханова А.



14 акпаз күні «Геолог Мәдениет Үйінде» Кенес Одағы әскерінің Ауганстан жерінен шығарылған күніне орай, «Өшпес ерлікке – мәңгі тәгзым» атты ауған соғысы үйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің 9 – 10 класс ер балалары қатыстырылды.



АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРИ
ҚОЙЛЫБАЕВ МАРАТ АЙТУГАНҰЛЫМЕН КЕЗДЕСУ

17 акпан күні М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің «Сыргалым» қыздар ұйымының тәрайымы мен мүшелері «Облыстық жастар ресурстық орталығының» ұйымадстыруымен Шығармашылық Академиясында өткен «Қызы еркем – қолөнерімен көркем» атты шеберлік сабагына қатыстырылды.

Жетекшісі: Ануарбекова М



25 акпан күні М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің «Өзін-өзі басқару ұйымы, Мектеп парламентінің Президенті, «Жас Ұлан, Жас қыран» ұйымының Ұланбасы және «Арын Еріктілер» клубы карттар үйіне барып, мерекелік концерт қойып, жүректеріне керемет ән шашу мен тамаша көніл күй сыйлады

Жетекшісі: М. Байбатыр



«Біз біргеміз» республикалық акциясы аясында, көмекке мүқтаж қарттарға барынша көмекке мүқтаж қарттарға барынша көмек көрсету мақсатында азық – түлік жеткізді.

Жетекшісі: Байбатыр М.



Көктемнің алғашқы мерекесі – алғыс айту күні. Бұл күн мейрімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне жылы сөздер айтумен бастады. Мерекелік көңіл – күй сыйлауды жоспарлаған ұстаздар қауымы мектеп дәлізіне табиғат көркі – ағашты қойып, оқушылар қағаздан жүрекшे жасап іліп, оларға өздерінің жүрекжарды тілектерін жеткізді.

